



# ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЯСЫ





ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ұ 43

Жалпы редакциясын басқарған:  
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*  
**Темірғали Көпбаев**

Құрастырған әрі жауапты редакторы:  
**Ермахан Шайхыұлы**

**Редакция алқасы:**

С. Қозыбаев  
Н. Омашев  
К. Қамзин  
Л. Ахметова  
С. Медеубекұлы  
С. Жұмабекұлы  
А. Рамазан  
Г. Сұлтанбаева  
Н. Шыңғысова  
Д. Смайыл  
О. Ошанова  
Ғ. Майкотова

Ұ 43 «Ұлт зиялыларының ұясы». – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024. – 396 бет.

**ISBN 978-601-7807-05-4**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойына орай жарық көріп отырған бұл жинаққа оқу орны мен факультет тарихы, алғашқы ұстаздардың өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағаттық деректер, суреттер һәм мақалалар топтастырылды. Сондай-ақ журналистика факультетінде білім алған тұлғалардың жеткен жетістіктері мен алған марапаттары және олардың айтқан әзіл-қалжыңдары да енгізілді.*

*Кітап студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, журналистерге және жалпы оқырман қауымға арналған.*

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

**ISBN 978-601-7807-05-4**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024



## Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы



«Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор **РАМАЗАН АЙГҮЛ ӘМІРҒАЛИҚЫЗЫ** факультетіміздің 1987 жылғы түлегі.

1965 жылы 25 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы Таңат елді мекенінде дүниеге келген. ҚазМУ-дың Журналистика факультетін 1987 жылы үздік дипломмен тамамдап, қызметін «Өнер» баспасында редактор болып бастады. 1989–1993 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының аспиранты болып, 1993 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 1995–2006 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Журналистика тарихы» кафедрасында аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды.

А.Рамазан 2006–2009 жылдар аралығында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының докторанты болып, 2010 жылы «Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 2011–2016 жылдары Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультеті және Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Журналистика және практикалық қазақ тілі» кафедрасының профессоры болып жұмыс істеді. 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінде профессор болып қызмет атқарып келеді. 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап, «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасының меңгерушісі.

А. Рамазанның «Әлем баспасөзі тарихынан» («Санат» баспасы, 1998 ж., 14 б.т., авторлық бірлес-тікте), «Шетел журналистикасының тарихы» («Қазақ университеті» баспасы, 2006 ж., 10 б.т.) атты оқу құралдары жарық көрген. 100-ден аса ғылыми мақаланың, бірнеше типтік бағдарламаның авторы. 2018 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының

қалыптасу, даму жолдары» (19,5 б.т.) атты монографиясы шыққан.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Рамазан «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталған. Есімі «Шығыс Қазақстан жұлдыздары» және «Қазақ әдебиеттанушылары» атты энциклопедиялық анықтамалықтарға енген.



Кафедра меңгерушісінің оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **ТЛЕУБАЕВА НАЗЕРКЕ ДАЛЕЛХАНҚЫЗЫ** факультетімізде 2019 жылдан еңбек етеді

Тлеубаева Назерке Далелханқызы 27.05.1996 жылы Алматы облысы Талдықорған қаласында дүниеге келген.

2014 жылы Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясын, 2018 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетін «5В040500 журналистика» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесімен бітірді. 2016–2018 жылдары Талдықорған қаласында «Жәрдем» медициналық республикалық газетінде, «Білім шапағаты» педагогикалық республикалық газетінде және «Жетісу университеті» республикалық жастар қоғамдық газетінде журналист, корректор болып жұмыс істеді. 2019 жылдан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасында ж/б маманы болса, 2020 жылдан бастап оқытушылық қызметте.

2018–2020 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасында «6М041600-Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша магистратураны бітіріп, 2020–2023 жылдары «8Д11401– Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. «Әлеуметтік қызметтер дамуындағы цифровизация (электронды үкімет